

«№ 39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі»КММ

**2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие
жұмысының жылдық қорытынды талдауы**

Ақтөбе - 2023ж

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының жылдық қорытынды талдауы

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін қабылдау Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылдың 19.08.№252 бұйрығымен бекітілген.

Осы бұйрықты басшылыққа ала отырып, №39 қазақ орта жалпыға бірдей білім беру мектебіндегі тәрбие жұмысының жоспары құрылды.

Тәрбиенің мақсаты:

«Өзінің төл мәдениетін сыйлайтын, басқаға өзін сыйлата алатын, ұлттық бәсекелестікке қабілеті жоғары, адамгершілігі мол, білімді де, ұлтжанды азаматты тәрбиелеу»

Міндеттері:

1. Оқушыларда жоғары деңгейде патриоттық сезімді, өз елімен мақтан етуді, азаматтық борышын адал орындауға тәрбиелеу;
2. Қоғамдағы отбасының ролін жоғарылату, отбасылық тәрбиені білім жүйесінде үздіксіз іс-әрекет ретінде енгізу, ата-аналардың мектеп өміріне қатысуы, әкелер және аналар кеңесінің жұмыстарын жандандыру;
3. Оқушыларда рухани-адамгершілік сезімді және моральдық қасиеттері мен көзқарастарын қалыптастыру;
4. Тұлғаның жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;
5. Оқушының еңбекке деген адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;
6. Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту;

7.Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін,көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін кеңістік қалыптастыру;

8.Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізі-дені сау, рухы мықты ұрпақты тәрбиелеу, осы бағытта жұмыстарды жандандыру.;

9.Класс жетекшілерге әр оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу, олардың, бойындағы іскерлік, біліктілік дағдыларымен қатар туған елін, жерін, мектебін және әдет-ғұрпын қастерлейтін мәдени-парасаттылық сезімін оятуды міндеттеу;

10.Оқушылар бойында адамгершілік, іскерлік, білімділік қасиеттерді жетілдіру. Бұл мақсатта өзін-өзі басқару жұмыстарын, оқушылар ұйымының жұмысын жүргізу;

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

Тәрбиенің негізгі мазмұнын жаңартудың басым бағыттары:

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Ұлттық тәрбие
3. Отбасылық тәрбие
4. Рухани-танымдық тәрбие
5. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
6. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жас қазақстандықтарды тәрбиелеудің Тұжырымдамалық негіздерінен күтілетін нәтижелер:

бала құқықтары туралы Конвенцияға және балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес балалар мен жастардың азаматтық қоғамының, жас қазақстандықтардың қоғам мен мемлекет өміріндегі қоғамдық қозғалысының рөлі мен жауапкершілігін арттыру;

балалар мен жастардың қазақстандық патриотизмінің, жауапкершілікті азаматтық сана-сезімінің, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің, толеранттылық пен тұлғаның тұрақты әлеуметтік маңызды қасиеттерінің қалыптасу деңгейінің өсуі;

жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың мәдениет негіздері, ана тілі мен мемлекеттік тілді және этномәдениетті құрметтеу;

тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейту;

балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен жауапкершілігін арттыру, жастарды салауатты отбасын құруға дайындау, отбасы институтын нығайтуға саналы түрде қатысу;

әлеуметтік маңызы бар отбасылық, балалар және ата-аналар бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;

тұлғаның экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы және өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымы; экологиялық сауаттылық пен мәдениетін дамыту;

балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;

балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;

балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

жан-жақты дамыған, жоғары рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жағдайында өз бетінше шешім қабылдауға дайын, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық өзара іс-әрекет етуге қабілетті, ел тағдыры үшін жауапкершілік сезіміне ие адамды қалыптастыру;

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің педагогикалық мүмкіндігі

«№39 қазақ орта жалпы білім беру» КММ-нде 42 класс комплектісі жабдықталған. 2022-2023 оқу жылы бойынша оқу жылын 956 оқушымен аяқтады. Бастауыш класта-17 класс, білім алушы саны-383, орта буын-20 класс ,білім алушы саны-459, жоғары буын-6 класс, білім алушы саны-111 оқиды. Сонымен қатар мектепке дейінгі даярлық топтары жұмыс жасайды. 2022-2023 оқу жылында класс жетекшілер саны-42, мектептегі класс комплектісі-42, мектептегі оқыту тілі –

қазақ,әлеуметтік педагог-1, аға тәлімгер-1,мектеп психологы-2, «тәртіп сақшылары»тобы-1,құрамы-17 жетекшісі –Тлеубергенов А; «Еріктілер»тобы-1, «Адал ұрпақ» тобы-1, жетекшісі – Батырғалиев Б;«Жас Ұлан» бірыңғай ұйымы-1; жетекшісі - аға тәлімгер Құлшаева Г ; мектеп кітапханышсы-2, Қонырова Н.; АӘД мұғалімі - Хасенов А. А;

Класс жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмыстары:

Класс жетекшілер әдістемелік бірлестігі жұмысының мақсаты: Класс жетекшілердің кәсіби шеберлігін арттыра отырып,оқушыларды адамгершілік, шығармашылық деңгейі жоғары тұлға етіп тәрбиелеу, оқушы мен ата-анаға құқықтық білім беруді жетілдіру, бала тәрбиесіндегі жанұя рөлін дамыту. Қазақстандық патриотизмге, адамгершілік нормаларын, қатынас мәдениетін игеруге тәрбиелеу.

Соңғы үш оқу жылында №39 қазақ орта жалпы білім беру мекемесінің бұйрығы негізінде класс жетекшілер тағайындалған:

Оқу жылдары	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Бұйрық№	№134 01.09.2020ж	№191 01.09.2021ж	№270 01.09.2022ж

Бірінші бағыт – Жаңа Қазақстандық патриотизм және адамзаттық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты:патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру. Бағалау критерийлері: Отанға, мемлекеттік жүйе, мемлекеттік саясат, мемлекеттік идеология, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, мемлекеттік рәміздері (елтаңба, ту, әнұраны), заң және тәртіпке; ұлтаралық және конфессияаралық келісім, елдегі достық; экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы өз елінің жетістіктері; басқа адамның құндылықтары, құқықтары мен бостандықтары; өздерінің аймағының (ауыл, қала, маңайдағы) табиғаты, мәдени және тарихи өмірі; құқықтық білім және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет; заңдардың, құқықтардың және міндеттердің талаптары; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш пен жауапкершілік сезімін байыту

1-қыркүйек – Білім күніне орай «Терең білім: еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты салтанатты жиыны өтті. Мерекелік шараға Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Бисенғалиева Бибігүл Қуандыққызы мен мектеп директоры Кисикова Ақгүл Мырзабековна қатысып, оқушыларға жаңа оқу жылында сәттілік тіледі.

https://www.instagram.com/p/CiH7PJhMLVI/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/CiH7k7VM2Up/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/CiH7xkMsOcK/?img_index=1

Қазақстан халқы тілдері мерекесіне орай Алаш қозғалысының қайраткері, Ұлт ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын атап өту мақсатында мектебіміздің 7-11 оқушылары «Туған тілім – бабам тілі, өз тілім» тақырыбында эссе жазып, ақын өлеңдерінен үзінділерді мәнерлеп оқыды.

https://www.instagram.com/p/CiH8JoBMKSH/?img_index=1

Қазақтың көрнекті ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай 8-11 кластар

арасында жалпықазақстандық «Ахмет Байтұрсынұлы - дәуірдің дара тұлғасы» тақырыбында диктант жұмысы алынды.

https://www.instagram.com/p/CiMzSQsMNoN/?img_index=1

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің жас мамандары Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам» атты халыққа жолдауымен таныстырылды. Жас мамандар президент жолдауындағы нақты бес реформаға талдау жасап, қолдау білдірді.

https://www.instagram.com/p/CiNAVKnsAL9/?img_index=1

Ақтөбе облыстық білім басқармасы, Ақтөбе "Дарын" өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы тарапынан Қазақстан халқы тілдері мерекесіне орай "Алаш қозғалысының қайраткері" тақырыбында «Ұлт ұстазы- Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын #39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі оқушыларының орындауында..

<https://www.instagram.com/p/CiPqwr7DY80/>

<https://www.instagram.com/p/CiPry9UjwaP/>

<https://www.instagram.com/p/CiPsJKVD-D7/>

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде мектеп инспекторы Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданы #2 қалалық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар жөніндегі учаскелік полиция инспекторы Д.Б.Ермагамбетовтың қатысуымен “Әкімшілік және қылмыстық құқықбұзушылық” тақырыбында 7-11 класс ер балаларымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында мектеп инспекторы және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары тарапынан мектептің ішкі тәртібі, жасөспірімдерге қатысты құқықбұзушылық заңдары, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, бопсалау, күш көрсету және кешкі мезгілде көшеде жүрмеу жайында оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/Cie5gIasujm/?img_index=1

5 қазан - Қазақстан Республикасы күні қарсаңында 5 -11 класс оқушылары арасында “Менің арманымдағы Қазақстан” тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Мақсаты: мемлекеттің құндылықтары мен қағидаттарына құрметпен қарау, ұлттық бірлікті қалыптастыру және қоғамдық келісімді нығайту; Отанға деген сүйіспеншілік пен патриотизм сезіміне тәрбиелеу; Мемлекеттік тілді білуге қызығушылығын арттырып, Қазақстандық бірігейлікті қалыптастыру.

https://www.instagram.com/p/Cj5JeKLMfJH/?img_index=1

25 қазан - Қазақстан Республикасы күні қарсаңында 1-4 класс оқушылары арасында "Атамекен" тақырыбында ашық диктант өткізілді. Мақсаты: мемлекеттің құндылықтары мен қағидаттарына құрметпен қарау, ұлттық бірлікті қалыптастыру және қоғамдық келісімді нығайту; Оқушылардың мемлекеттік тілді білуге қызығушылығын арттыру.

https://www.instagram.com/p/Cj5QL6MM7JO/?img_index=1

25 қазан - Республика күніне орай мектебімізде "Менің Отаным - Қазақстан" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CkLJTPNsOGg/?img_index=1

Құқық бұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын алу және болдырмау мақсатында түнгі рейд шаралары өткізілді. Мектеп инспекторы полиция капитаны: Ермагамбетов Дәуренбек Барлықұлы. Ата-ана: Елемесова Айгүл Джамбуловна. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Батыргалиев Бекзат қатысты.

https://www.instagram.com/p/CkaS9TSMN4A/?img_index=1

Мектеп жоспарына сәйкес мектеп инспекторы полиция капитаны Ермағамбетов Дәуренбек Барлықұлы 9 - 11 класс оқушылары арасында " Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен зорлы - зомбылықтың алдын алу" тақырыбында түсіндірме жұмысын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/CIGptbTsNpp/?img_index=1

Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет 10 күндік аясында мектепшілік "Жол тәртібін білейік-аман есен жүрейік!" тақырыбында 5-кластар арасында командалық сайыс өткізілді. Мақсаты: оқушыларды жол ережесімен таныстыру. Жол қауіпсіздігін сақтаудың адам өміріндегі маңыздылығын ұғындыру, көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту. Командалық сайыс 4 кезең бойынша өткізілді: 1 - тур: "Таныстыру" 2 - тур: "Сұрақ-жауап" 3 - тур: "Презентация қорғау" 4 - тур: "Көрініс көрсету"

https://www.instagram.com/p/CiHJb1ks80c/?img_index=1

2022 - 2023 оқу жылында "Жас сарбаз" секциясы өз жұмысын жалғастыруда. Мақсаты: спорт жөнінен шыңдалған, шымыр, қайратты, дені сау жастарды даярлау, шын берілген патриоттарды тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/CloBcDFM5sm/?img_index=1

Еліміздің болашақ патриоттарын оқу - білімге құштар және салт - дәстүрімізді қастерлейтін Отансүйгіштерді тәрбиелеу мақсатында "Тәуелсіз елдің ұрпақтары" Республикалық "Жас Қыран" және "Жас Ұлан" ұйымының құрамына қабылдауға арналған салтанатты жиыны өткізілді. Салтанатты жиын ҚР мемлекеттік әнұранымен ашылды. Ұйымға қабылданушы оқушылар "Өз Отанының нағыз патриоты болуға", "Жас Ұлан" ережесін бұлжытпай сақтай отырып, оны өз достарынан талап етуге, Отанын сүюге Ант берді. Ұйымға қабылданушы жасөспірімдерге Галстук, Төсбелгі табыстау үшін мектеп әкімшілігі мен ұстаздары ортаға шықты. Жиын соңында мектеп басшысы Кисикова Ақгул Мырзабековна оқушыларды "Жас Қыран" және "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылданулары мен құттықтап, оқуда тек сәттілік тіледі.

https://www.instagram.com/p/CmLJuH4ojP7/?img_index=1

Тәуелсіздік мерекесіне орай 9 "Ә" класс оқушылары С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ұйымдастырылған оқу сағатына қатысты.

https://www.instagram.com/p/CmLOo0EDm0P/?img_index=1

Тәуелсіздік күніне орай "Ұлттық тәрбие. Патриотизм және ерлік" тақырыбында ерлік сабағы өткізілді. Мақсаты: оқушылар бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезім қалыптастыру, ұлттық сананы жаңғыртқан қазақ жастарының ізбасары болу. Кеш қонақтары: Ғабдрахманов Елемес Елекенұлы - Ауған соғысының ардагері Жарылқасынов Бауыржан Аманжанұлы - Ауған соғысының ардагері. Білім алушылар ардегерлерге өз өнерлерін көрсетті. Ардагерлер өз кезегінде оқушыларға ақыл - кеңестерін беріп, өз тәжірибелерімен бөлісті.

https://www.instagram.com/p/CmL-o-VMAOj/?img_index=1

5 қаңтар күні мектебімізде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Батырғалиев Б.К. "Құқық бұзушылық және жауапкершілік" тақырыбында класс жетекшілеріне мектепшілік семинар өткізді. Қатысушылар: класс жетекшілер және мектеп инспекторы, полиция капитаны Ермағамбетов Дауренбек Барлықұлы. Мақсаты: Құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын алу және болдырмау, құқықтық сауаттылықтарын арттыру.

https://www.instagram.com/p/CnBwIj3sZDa/?img_index=1

Мектебімізде "Бәйтерек" әкелер клубының "Құқық бұзушылық және ата - ананың жауапкершілігі" тақырыбында әкелер семинары өткізілді. Мақсаты: Мектеп пен отбасының өзара

байланысын, қарым - қатынасын нығайту; Отбасының қарым - қатынасындағы сенімділікті және сыйластықты қалыптастыру; Отбасының ұйтқысы, негізгі тірегі әке екенін түсіндіре отырып, әкеге деген құрмет пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу; Бала тәрбиесінде Әкенің рөлі ерекше екендігін түсіндіру. Сонымен бірге, Ақтөбе қаласы Астана ауданы #2ҚПБ ЖПҚБ КТІЖ УПИ-ы полиция капитаны Муханбетказина Аймереке Нурмуханқызы семинарға қатысып әкелерге тәртіпті бұзу салдарының жауапкершілігі, жаза түрлері жайлы анықтама берді.

https://www.instagram.com/p/CnwR7DoMC30/?img_index=1

Мектебіміздің оқушылары ақпан айының 01 күні Ақтөбе облыстық полиция департаментінің "Ішкі істер органдарының жоғарғы оқу орындарының артықшылықтары, түсу тәртібі туралы" кәсіби бағдар беру шарасына қатысты.

https://www.instagram.com/p/CoJwnKvsdJA/?img_index=1

2023 жылдың 1 - ақпаны күні мектеп педагогтары Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын талдады.

https://www.instagram.com/p/CoMOwyDMoCM/?img_index=1

Мектебімізде оқушылар арасында құқықбұзушылық және буллингтің алдын алу мақсатында Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ақтөбе облысының ғылыми - тәжірибелік орталығы, криминалдық полиция басқармасы, есірткі бизнесіне қарсы күрес және экстремизмге қарсы күрес басқармасының мамандарының қатысуымен кездесу өтті. Сәрсенғалиева Майра Турарбековна - Ақтөбе облыстық ғылыми - тәжірибелік орталығы психологиялық - әлеуметтік қолдау бөлімінің әдіскері, Сапарова Шынар Темірбекқызы - Астана аудандық 2 қалалық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспектор полиция аға лейтенанты.

https://www.instagram.com/p/CottSr2sUAd/?img_index=1

Мектеп жоспарына сәйкес мектеп инспекторы полиция аға лейтенанты Айсүгіров Асхат Маралбекұлы 9 - 11 класс оқушылары арасында "Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен буллингтің алдын алу" тақырыбында түсіндірме жұмысын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/Cqn0S5LMhbq/?img_index=1

2023 жылдың 19 сәуірінде 9-10 класс оқушылары АӘД мұғалімі А. Хасеновпен Ақтөбе қаласындағы №30238 әскери бөлімінің тұрмыс - тіршілігімен, қару-жарағымен танысып келді. Шара барысында оқушылар әскери бөлімдер базасымен, оның құрылымымен танысып, қызметкерлермен сұхбаттасты. Естелік суретке түсіп, сұрақтарына жауап алды.

https://www.instagram.com/p/CrP1h6HMF6O/?img_index=1

ҰОС Жеңістің 78 жылдығына және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күніне орай өткізілген "Жас Жауынгер-2023" әскери-қолданбалы спорт жарысында мектебіміздің оқушылары жүлделі орындарды иеленді.

https://www.instagram.com/p/CrQfWz_M7Je/?img_index=1

04.05.2023 ж күні сағат 10.00-де мектебімізде Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында "Еркін ел ұрпағы" атты жалпыұлттық патриоттық диктант өткізілді. Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін дәріптеу, ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы ұрпақ тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/Cr0F2cIMIiq/?img_index=1

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күніне және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 78 жылдығына орай мектепшілік "Ұранды елдің-ұрпағы қайсар" атты әскери спорттық сайысы өткізілді. Мақсаты - оқушылардың бойында Отанға және туған елге деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастыру. Отаншылдық сезім мен тұрақты моральдік мінез құлықтың

беки түсуіне ықпал етіп, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. "Ұранды елдің - ұрпағы қайсар" атты әскери спорттық сайыс 7-8 класс оқушылары арасында және 4 - кезең бойынша өткізілді:

1. Сақтық тәсілдер (5 ұл, 4 қыз бала);
2. Ер балдар гир көтеру, қыз балдар 1 - минутқа пресс жасау;
3. Автоматты толық емес бұзып, жинау;
4. Арқан тартыс (командалық сайыс).

7-8 класс оқушылары арасында өткізілген әскери спорттық сайыстың қонағы және әділ-қазылар алқасының мүшесі, "Ақтөбе облысының Таулы Қарабас ардагерлері Одағы" Қоғамдық бірлестігінің төрағасы - Дюсенбаев Толыбай Олжабаевич болды.

https://www.instagram.com/p/Cr5tePCsdGg/?img_index=1

Отан қорғаушылар күні қарсаңында Отан қорғаған тарихи тұлғаларды ұлықтау, кейінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында мектебіміздің ұстаздары мен оқушыларының ұйымдастыруымен «Ер есімі - ел есінде» акциясы аясында қазақ халқының бір туар тұлғаларына тағзым етіліп, белгілі би, атақты жырау Мөңке Тілеуұлы ескерткіш-мүсініне мерекелік шара ұйымдастырылды. Мерекелік шараға Астана ауданының әкімі Купенов Айбек Мұратқалиұлы, еңбек ардагерлері Курманалин Султан Құманғалиұлы, Жумабаева Запен Жақсыбайқызы қатысты. Шара мектебіміздің өнерпаздары дайындаған концертпен жалғасып, ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсіміне ұласты.

<https://www.instagram.com/p/CsD6EADL20u/>

Облыстық полиция департаментінде “Ашық есік” күні өтуіне орай мектебіміздің оқушылары департамент мұражайына экскурсия жасады. Мақсаты: кәмелетке толмағандар арасындағы күзүкбұзушылықтың алдын алу

https://www.instagram.com/p/CsX3qq_IHEQ/?img_index=1

“МЕНИҢ МЕКТЕБІМ БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ” ЖАЛПЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЛЕШМОБ” Мениң мектебім буллинге қарсы!” атты жалпы республикалық флешмобына мектебіміздің оқушылары да қатысуда. Флешмоб мақсаты: қоғам назарын балалардың қауіпсіздігіне аудару. Оқушылардың, педагогтердің буллинге қарсы санасын қалыптастыру;

https://www.instagram.com/p/CsbROYfsFE_/?img_index=1

Мектебіміздің 10 класс ер балаларымен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімі А.Хасеновтің жетекшілігімен 5 күндік оқу-далалық жиыны жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/CsdmyfGs7mg/?img_index=1

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Рухани қазына» берілген бағыттардағы шағын бағдарламаға сәйкес қарастырылуы керек, «Жақсы кітап – жан азығы» жобасының мақсаты: туған өлкенің тарихы, мәдениеті және дәстүріне деген құрметі мен қызығушылығын ояту. Бағалау критерийлері: моральдық-этикалық нормалардың жалпыға ортақ нормаларына моральдық көзқарасын таныту; өз абыройы, ар-намысы мен міндеті; ішкі еркіндік пен моральдық шешім қабылдау; өзінің және басқа да ұлттардың мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары; діни құндылықтары; ойлары, сөздері мен істерінің бірлігін қабылдау; өзінің мінезін ар-ұжданнан ішкі дауысымен мақұлданған әрекеттер; әртүрлі мәдениеттер мен нанымдардың бірлігін; халыққа

адал қызмет ету; ата-аналарына, отанына, қоғам алдындағы міндетін жетілдіру. Осы аталған бағытта бірыңғай жұмыстар жүргізілді.

2022 жылдың 19-қыркүйегі күні №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде ерекше санаттағы 30 оқушыға мектепке қажетті оқу құралдары әкелінді. Қайырымдылық акциясы аясында демеушілік көрсеткен мектебіміздің түлегі Ербуликов Жасұланға алғыс білдіреміз.

https://www.instagram.com/p/Cirrz2vskE/?img_index=1

7-қазан күні "Біз жемқорлыққы қарсымыз" тақырыбында мектебіміздің 8а-сынып оқушыларына адалдық сағаты өткізілді. Адалдық сағатының негізгі мақсаты "Сыбайлас - жемқорлық" ұғымын түсіндіру. Сабақ барысында оқушылар өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік алды.

https://www.instagram.com/p/CjdL2SDsJpE/?img_index=1

Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының теолог маманы Жұлдыз Кадирханова және психолог маман Тимур Тулепбергенов кездесу ұйымдастырылды. Мақсаты: жастардың діни сауаттылығын арттыру, жалған діни ағымдардың арбауынан сақтандыру, дәстүрлі рухани құндылықтарға баса назар аудару. Мамандар жиын барысында жасөспірімдерді жат ағымның жетегінде кетпес үшін діни маңызға ие ақпараттарды тұтыну барысында тек ресми сайттарды пайдалануға шақырды. Іс-шараның соңында жастар аталған тақырып бойынша түрлі сұрақтар қойып, толыққанды жауап алды.

https://www.instagram.com/p/CkZ-BZxDFvD/?img_index=1

2022 жылдың 2 - қарашасы күні Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының туғанына 80 жыл толуына орай "Қара сөздің хас шебері" атты әдеби кеш өтті. Кеш қонақтары: Ертай Ашықбаев - "Үш таған" журналының бас редакторы, Әлихан Жақсылық - жас жазушы. Осы аталмыш шараға мектебіміздің 5 - 7 класс оқушылары қатысып, әдеби кештен ерекше әсер алып қайтты.

https://www.instagram.com/p/Ckffzt9MqhF/?img_index=1

"Күшіміз бірлікте". № 39 қазақ орта жалпы білім беретін мектебінің "Парасат" еріктілер клубы қайырымдылық акциясында.

<https://www.instagram.com/p/CnmHPXcDyFy/>

Мектебіміздің еріктілер тобы облыс деңгейінде өткізіліп жатырған «Күшіміз бірлікте» қайырымдылық акциясының аясында «Адал еңбекті бағалайық!» акциясын ұйымдастырып, қала көшелерін қардан тазалап жүрген жұмысшыларды ыстық шай және бауырсақпен сый құрмет көрсетті. Акцияға мектебіміздің 10 класс оқушылары және ерікті жас ұстаздары қатысты.

https://www.instagram.com/p/CoHphjUMsMX/?img_index=1

Қайырымдылық - мейірімді жүректен. Бүгінде игі істер, түрлі акциялар мен қайырымдылық жәрмеңкелері біздің мектебімізде де жалғасын табуда. №39 ҚОЖББМ Байұзақ Ұлмекенге қол ұшын созу мақсатынды "Жақсылып жасап жарысайық" атты жәрмеңке ұйымдастырылды. Мақсат: оқушыларымыздың өзара тіл табысуы, бірігіп жұмыс жасауы, ауыз біршілікте болуы, жақсылық кішкентай нәрседен тұратынын ұғындыру. Жәрмеңкеден түскен қаражат Байұзақ Ұлмекеннің шотына аударылды. Аталған іс - шараға 3 - 11 класс оқушылары, класс жетекшілері, ата - аналары ат салысты.

https://www.instagram.com/p/CpJ7OFaDI4c/?img_index=1

Облыс көлемінде өтіп жатырған "Күшіміз бірлікте" қайырымдылық акциясы аясында #39 орта мектебінің еріктілер тобы ҮМІТ балалар үйіне барып кішкентай бүлдіршіндерге сый - сияпатын көрсетіп, қуанышқа бөледі. Игі істер болашақта өз жалғасын табарына сенеміз.

https://www.instagram.com/p/CpJ8Dg_st1u/?img_index=1

"Алғыс айту - парызым!" қайырымдылық кеші. Мектебіміздің ұстаздары Қарттар үйіне барып қайырымдылық концертін өткізді. Бір сәт қариялардың жабырқау жүзін жадыратып, оларға қуаныш сыйлады. Ән - бимен әсемделген көңілді кешті ұйымдастырған ұстаздарымыз қарттардың ыстық ықыласына бөленіп, баталарын алып қайтты.

https://www.instagram.com/p/CpKDNk4sjrp/?img_index=1

1 - наурыз Алғыс айту күніне орай мектебіміздің ұстаздары және еріктілері қала тұрғындарын мерекемен құттықтап, өз сый - сияпаттарын жасады.

https://www.instagram.com/p/CpO7B3UjBre/?img_index=1

Мектебімізде “Құстарға ұя сыйла” акциясы ұйымдастырылды. Оқушылар мектебіміздің ауласына, сонымен қатар жақын балабақшалар ауласындағы ағаштарға құстарға арнап ұя орнатты. Мақсаты: Оқушыларды табиғатты сүйуге, құстарға ұя жасап, қамқор болуға тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/CsWKklrssa /?img_index=1

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету.

Бағалау критерийлері: туған және мемлекеттік тілдерді білу; этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке, өз халқының мәдени мұрасына, қазақ және өз халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері туралы мақтаныш сезімін және жауапкершілігін көрсету; Қазақстандағы өзге ұлттардың этникалық мәдениеті; Қазақстанның басқа этникалық топтарының мәдениеті; этносаралық татулық пен келісім.

2022 жылдың 18-і қазан күні Республика күніне орай "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Адам болам десеңіз..." Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Байқау 2-7 класс оқушылары арасында өтті.

https://www.instagram.com/p/Cj8BTkfMНaz/?img_index=1

Мектебімізде 11 - қараша күні «ЗЕРЕ» Аналар клубы мен «ҚЫЗ ЖІБЕК» қыздар клубының алғашқы тұсаукесер «Сенім мен сыйластық» атты сырласу кеші өтті. Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудаға ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу, сынып пен мұғалім, мұғалім мен бала, педагог пен ата-ана арасындағы қарым – қатынасты нығайту, жетістікке жету үшін бірлескен әрекеттің ортақ мақсаттарын анықтау, отбасы ерекшеліктерін ескере отырып қиындықтарды бірлесе шешу.

https://www.instagram.com/p/Ck-NSkjMqnB/?img_index=1

“А. Байтұрсынов - қазақ халқының рухани көсемі” тақырыбында конференция өтті. Мақсаты: ұлт ұстазының дана ойлары мен мол мұрасы әлемдік әдеби қазынаға қосылған теңдесіз байлық екенін тағы да дәлелдеп, мерейтойына үлес қосу, жергілікті ақындармен кездесу. Конференция қонақтары: Төреханова Гүлжахан Маратқызы - С.Баишев университетінің аға оқытушысы, "Шабыт" халықаралық фестивалінің дипломанты, ақын; Қалдина Гүлжайнар Нәренқызы - Жергілікті ақын, С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының директоры.

https://www.instagram.com/p/CldTmZzssOp/?img_index=1

«Бақытты отбасы» орталығында «Қыз қылығымен көрікті» психологиялық тренингі өтті. Тренингке мектебіміздің "Қыз Жібек" қыздар клубының мүшелері қатысты. Мақсат - қыз бейнесіне тән мінез-құлық сипаттамасын қалыптастыру. Отбасындағы қыз тәрбиесі туралы әңгімелеу. Олардың бір-бірімен, айналадағы ортамен үйлесімді қарым-қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға, адамгершілікке, шындыққа, достыққа,

ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Тренингте психологиялық сұрақтар қойылып, бұрым өру сынды ойындар мен жаттығулар жасалды. Ортада жағымды психологиялық ахуал орнатуға және жағымды қасиеттерді қалыптастыруға арналған тренингті «Бақытты отбасы» орталығының психологиялық қызмет көрсету бөлімінің мамандары Гүлсезім Хусаинова мен Балбөбек Байкелова өткізді.

https://www.instagram.com/p/C109BFcMepc/?img_index=1

Тәуелсіздік мерекесіне орай "Тәуелсіздік белестері" тақырыбында Ақтөбе облыстық тарихи - өлкетану музейіне экскурсияға барды.

https://www.instagram.com/p/CmLLv02ofSn/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/CmLMoTajJzk/?img_index=1

Мектебіміздегі «Қыз Жібек» қыздар клубының жетекшісі Елеусизова Салтанат Үсейіназықызының ұйымдастыруымен ұлттық құндылықтарды қастерлейтін, ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтын қыздарға дұрыс бағыт - бағдар сілтеу, жастар арасында ұлттық салт - дәстүрімізді насихаттау, жас буынды патриот етіп тәрбиелеу мақсатында 8 - 9 класс қыздары арасында «Қыз қылығымен ...» атты байқау өтті. Сайыс 5 шарт бойынша өткізілді. Өз - өздерін таныстыру, сұраққа жауап беру, шеберлікпен ою оя білу сияқты тапсырмаларды сайыскерлер өте жоғары деңгейде орындай білді. Бұл жарыс – білімнің, тәрбиенің, өнердің, шеберліктің сынға түсер байқауы болды. Байқауға мектебіміздегі «Зере» аналар клубының мүшелері әділқазылық етті. Сынға түскен Мейірімбай А, Зилағи Ж, Әділбаева А, Шамшархан Д, Тагаева А, Ауданбай Р сынды арулар өздерін әр қырларынан көрсете білді. Осы сайыста жас ұрпақ бойындағы қазақы салт-дәстүрдегі де, өнердегі де, шеберліктегі икемділік пен шапшаңдықтары да ескерілді.

https://www.instagram.com/p/CmyQM84szPJ/?img_index=1

Мектебімізде 9 - 11 класс оқушылары ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өткізді. Мақсаты: оқушылар бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезім қалыптастыру, ұлттық сананы жаңғыртқан қазақ жастарының ізбасары болу. Кеш қонақтары: Тайпенев Серік - Ауған соғысының ардагері, Кубегенов Сапарбек - Ауған соғысының ардагері, Мурзагулов Марат - Ауған соғысының ардагері, Галеев Гумер - Ауған соғысының ардагері, Елизаров Сергей - Ауған соғысының ардагері. Білім алушылар ардегерлерге өз өнерлерін көрсетті. Ардагерлер өз кезегінде оқушыларға ақыл - кеңестерін беріп, өз тәжірибелерімен бөлісті.

https://www.instagram.com/p/CorCr97sGaZ/?img_index=1

2 - наурыз күні мектебіміздің 2"Ә" класс білім алушылары дүниетану, көркем еңбек пәндерінің оқу бағдарламасына сай Ақтөбе облыстық өнер музейіне экскурсияға барды. Мақсаты: балалардың бойында қоғамдық орта мәдениетін қалыптастыру; Қазақ халқының ұлттық өнері, салт дәстүрі және жергілікті өнер иелерінің көркем туындыларымен таныстыру.

https://www.instagram.com/p/CpUC4QYIWZ4/?img_index=1

2 - наурыз күні мектебіміздің 8 - 9 класс оқушылары Әлия музейіне экскурсияға барды. Мақсаты: оқушыларды ұлтжандылыққа, мәдениеттілікке, өз елінің тарихын құрметтеуге баулу.

https://www.instagram.com/p/CpUi5nusgtG/?img_index=1

Мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары Тахауи Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театрына "Қара пима" спектаклін тамашалауға барды. Балалар спектакльді үлкен қызығушылықпен қарады.

https://www.instagram.com/p/CpVUAwpsDUz/?img_index=1

Мектебіміздің оқушылары Бақытты отбасы орталығының психологы Б.Байкелова ұйымдастырған "Аяулы жар, асыл ана, ару қыздар" атты тренингке қатысты. Мақсаты: қоғамдағы әйел - ананың рөлін айқындай түсу бағытында қыз балаларға рухани тәрбие беру, халқымыздың

дәстүрлі құндылықтарын ұғындыру, білімге және өнерге ынталандыру.Тренинг барысында жұптық, топтық психологиялық ойындар ұйымдастырылды. Шарадан соң оқушыларды еңбекке баулу мақсатында орталықтың «Алтын оймақ» кабинетінің жетекшісі Ә.Балуанғалиқызы қыз балаларға іс тігуден, құрақ құраудан шеберлік сағатын өткізді.

https://www.instagram.com/p/CpmNLUYjjOk/?img_index=1

Бүгін мектебімізде Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған Республикалық бірінғай домбырашылар челленджі өткізілді. Іс - шараға мектебіміздің белсенді ұстаздары мен оқушылары қатысты.

https://www.instagram.com/p/Cp4sBYqsSHJ/?img_index=1

Мектебімізде наурыз айының 14-16 күндері аралығында “Ұлыстың ұлы күні-НАУРЫЗ” мерекесіне орай білім алушылар арасында ұлттық ойындардан сайыстар өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CqSkrrCDpBY/>

<https://www.instagram.com/p/CqVVjjWDrnG/>

Мектебімізде Наурыз мерекесіне орай "Бауырсақ party" акциясы ұйымдастырылып, ұстаздар мен оқушылар бауырсақтан дәм татты.

https://www.instagram.com/p/CqVYvDCsKdy/?img_index=1

24.03.23ж Ақтөбе қаласында өткен Халықаралық шығармашылық көп жанрлы "Таланттар әлемі 2023" байқау - фестивалінің "Хормен ән айту" номинациясы бойынша мектебіміздің "Кәусәр" хор ұжымы ГРАН ПРИ жүлдесімен марапатталды. Жетекшілері: Естөре Жанғабыл Байғалиұлы мен Жәшібай Салтанат Тасболатқызы "Алғыс хатпен" марапатталды.

https://www.instagram.com/p/CqVbYz4MtcL/?img_index=1

Ақтөбе облыстық ғылыми - тәжірибелік орталығының психолог маманы Тоқсанбаева Арайлым Амангельдиевна 9 - 10 класс қыз балалары арасында психологиялық тренинг ұйымдастырды. Мақсаты: білім алушыларға психологиялық қолда көрсету, психология тұрғысынан болашаққа даяр тұлға жасап шығару. Тренинг барысында психолог маман өз ақыл - кеңесімен бөлісті.

https://www.instagram.com/p/Cq46xtmMkpE/?img_index=1

Мектебімізде "Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға домбырада ойнауды үйрету" әдістемесін апробациядан өткізу облыстық эксперименті жалғасын табуда.

https://www.instagram.com/p/Cq-RzGDsOPL/?img_index=1

”Төрт тоқсан-төрт өнер” ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының тұжырымдамасы класс жетекшілерге таныстырылды.

https://www.instagram.com/p/CrN0ckFsaAk/?img_index=1

Қыз Жібек қыздар клубының мүшелері Бақытты отбасы орталығының басшысы Бибігүл Маратқызы ұйымдастырған "Шаттыққа толы жүрекпен" атты семинар-тренингке қатысты. Шарадан соң, қыздарымызға ас үйде ең оңай рецептпен құймақ жасау әдісі көрсетілді. Аруларымыз бірге дайындап, дәмін де татып үлгерді.

https://www.instagram.com/p/CrP7Zopsk3D/?img_index=1

“Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы” атты тәрбие онкүндігі аясында 19 сәуір күні 7-8 класс оқушылары арасында волейболдан жарыс өтті. Жарыс нәтижесінде 7”Б” класс-I орын 8”Ә” класс-II орын 8”В” класс-III орын иеленді. Мақсаты:Салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, оқушылардың волейболға қызығушылығын арттыру.

https://www.instagram.com/p/CrVREgvse4t/?img_index=1

“Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы” атты тәрбие онкүндігі аясында 20 сәуір күні 9-10 класс оқушылары арасында волейболдан жарыс өтті. Жарыс нәтижесінде 10”Ә” класс-I орын, 9 ”Б” класс-II орын, 10”А” класс-III орын Үздік ойыншы -10”Ә” класс оқушысы Хайрушин Қанат иеленді. Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, оқушылардың волейболға қызығушылығын арттыру.

https://www.instagram.com/p/CrVSJJXMag0/?img_index=1

2023 жылдың 17-28 сәуір аралығында “Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы” тақырыбында тәрбие онкүндігі басталды. Мақсаты: Жастарды жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/CrS1NVMs5QI/?img_index=1

«Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық-мәдени ағартушылықтың тұжырымдамасы аясында «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» тақырыбында тәрбие онкүндігінің жоспарына сәйкес «Бес асық» ойыны өткізілді. Мақсаты: Білім алушылардың ұлттық салт дәстүрлерімізді дәріптеуге, салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, бос уақытын тиімді пайдалануға тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/Crqs72eMyDg/?img_index=1

«Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық-мәдени ағартушылықтың тұжырымдамасы аясында «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» тақырыбында тәрбие онкүндігінің жоспарына сәйкес «Дойбы» ойыны өткізілді. Дойбы ойынына 3-5 класс оқушылары топтық құрамда қатысты. Мақсаты: Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, бос уақытын тиімді пайдалануға тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/Crqs-0ZMНyc/?img_index=1

Төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру.

Критериалды бағалау: Өзінің жанұясы мен ұрпақтарына; отбасы құндылықтары мен моральдық қағидаларды сақтау арқылы отбасы мен неке құндылықтарына этноәлеуметтік рөлге құрмет көрсету, қастерлеу. Отбасылық тәрбие беру бағыты және ата-аналар қауымдастығымен жұмыстар жүргізуде мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында түрлі іс-шаралар атқарылып келеді.

2022 жылдың 16-қыркүйегі күні №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде қала әкімі жанындағы әйелдер ісі жөніндегі комиссия мүшесі, диетолог Уразғалиева Айгерим Аманжоловна мектебіміздің 4, 7-8 класс оқушыларымен кездесіп, «Салауатты өмір салтын сақтау және дұрыс тамақтану» тақырыбында маңызды ақпарат берді.

https://www.instagram.com/p/CikZEzGspDo/?img_index=1

Ата-аналарға жаңартылған білім беру мазмұны аясында мектепте білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау ерекшеліктері туралы жиналыс өтті. Ата-аналар жиналысын мектеп директорының орынбасары Есеналина Сәуле Советовна өткізді. Жиналыс жаңартылған бағдарламаға негізделіп жасалды. Жиналыстың негізгі мақсаты ата-аналарға критериалды бағалау жүйесі туралы тереңірек түсінік беру. Жиналыс барысында мектеп психологы Минаева Гүлсім Ғариполлақызы ата-аналармен бірге психологиялық "Өрмекші торы" релаксациясын өткізді.

https://www.instagram.com/p/Cj7-3xLMI k/?img_index=1

“Бүгінгі бойжеткен-ертеңгі асыл жар” тақырыбында “Қыз Жібек” қыздар клубының мүшелерімен дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстел қонақтары:

◆ Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының координаторы - Сидошева Гультар Тарикқызы

◆ Психолог маман - Даулетова Гулия Икмашевна

◆ Акушер - гинеколог дәрігер - Оралбаева Айдана Есенгелдіқызы

◆ СӨСҚ маманы - Ділманова Бағдагул Абуталиевна

Дөңгелек үстел барысында дәрігер мамандар қыз балаларға репродуктивті денсаулық және салауатты өмір салтын қалыптастыру жөнінде ақыл кеңестерімен бөлісті. Қыз балалар сұрақтарына жауап алды.

https://www.instagram.com/p/Cj-yHQwMvmQ/?img_index=1

"Толағай отбасылар сайысы"

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, ата-анамен бала арасында спорт мәдениетін кеңінен тарату. Оқушыларды және ата-аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, спортпен айналысудың қажет екендігін түсіндіру.

Сайыс 8 кезеңнен тұрды:

- "Таныстыру" кезеңі (команда аты, ұраны, төсбелгісі),
- Эстафеталық таяқшамен жүгіру,
- Секіртпемен секіру,
- Командалық сайыс - Арқан тартыс,
- Үй тапсырмасы (өз өнерін көрсету),
- Қапшықпен секіру,
- Білімді кенгуру сайысы.

Әкелер сайысы - Гір көтеру.

https://www.instagram.com/p/Ckr99kXDtUN/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/Ckr_EIXDUbA/?img_index=1

Мектебімізде қараша айының 10 - 12 күндері І тоқсан қорытындысы бойынша 1 - 9 класс ата - аналар жиналысы ұйымдастырылды. Мақсаты: Білім алушылардың оқу үлгерімі мен сабаққа қатысымы жөнінде мәлімет беру. Баланың табысты, нәтижелі білім алуы ата - ананың жауапкершілігінде екенін айту. Жиналыс барысында оқушылардың пәндер бойынша БЖБ, ТЖБ жұмыстары талқыланып, пән мұғалімдері мен кездесу жүзеге асырылды. Сонымен қатар ата - аналарға балалардың оқылым, тыңдалым дағдыларын қалыптастыру жөнінде түсіндірме жұмыстары өткізілді. Жиналыс соңында ата - аналардан сауалнама алынды.

https://www.instagram.com/p/Ck3kzE3M8Y7/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/Ck5QIt_sRjM/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/Ck5QanZMqXX/?img_index=1

Қараша айының 18-ші жұлдызында Отбасы – Мектеп жобасы аясында «Әкем, анам және мен» отбасылық Толағай эстафеталық сайысы өткізілді.

Сайысқа:

- №4 орта мектебінен Дуржановтар отбасы,
- №21 ОМГ Оралбай отбасы,
- №27 ОМГ Вахитовтар отбасы,
- №39 ОМ Құмаровтар отбасы қатысты.

Сайыстың мақсаты:

- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Ата – ана мен мектеп арасындағы қарым – қатынасты нығайту;
- Оқушыларды зиянды әдеттерден аулақ болуға үйрету.

Сайыстың өткізілу шарттары:

- Таныстыру (команда аты, ұраны, төсбелгісі)
- Эстафеталық таяқшамен жүгіру
- «Құралайды көзге атқан» мергендер сайысы
- Үй тапсырмасы (өз өнерін көрсету)
- «Ақылды КЕНГУРУ» математикалық эстафета
- Қос аяқ жарысы
- «Үңгірден өтіп көр» туннельден өту
- Командалық сайыс (арқан тартыс)

Сайыс қорытындысы бойынша :

I орын №39 ОМ Кумаровтар отбасы

II орын №21 ОМГ Оралбай отбасы

III орын иеленіп №4 орта мектебінен Дуржановтар отбасы

Алғыс хат №27 ОМГ Вахитовтар отбасы марапатталды.

https://www.instagram.com/p/CIgcoKAsscA/?img_index=1

Қазан айының 16 - 17 күндері мектебімізде ата - аналар үшін ашық есік күні өткізілді. Мақсаты: мектеп - бала - отбасы ынтымақтастығын нығайту. "Ашық есік" күндері ата - аналар 1 - кластарда әліппе, математика, 4 - кластардағы математика, қазақ тілі, орыс тілі пәндері бойынша ашық сабақтарға қатысты.

https://www.instagram.com/p/CIHBPatMzOu/?img_index=1

Мектебімізде 6 - сынып оқушылары арасында "Толағай" эстафеталық сайысы өтті. Мақсаты: Балалардың дене бітімі дұрыс жетілуі үшін және спорттық дене шынықтырудың маңызын түсіндіру, қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сайыстың өткізілу шарттары:

- Таныстыру (команда аты, ұраны, төсбелгісі),
- Эстафеталық таяқшамен жүгіру,
- «Құралайды көзге атқан» мергендер сайысы,
- «Ақылды КЕНГУРУ» математикалық эстафета,

- Қос аяқ жарысы,
- «Үңгірден өтіп көр» туннельден өту,
- Командалық сайыс (арқан тартыс).

https://www.instagram.com/p/ClgQzKZM6gE/?img_index=1

Мектебімізде 7 - класс оқушылары арасында "Толағай" эстафеталық сайысы өтті. Мақсаты: Балалардың дене бітімі дұрыс жетілуі үшін және спорттық дене шынықтырудың маңызын түсіндіру, қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сайыстың өткізілу шарттары:

- Таныстыру (команда аты, ұраны, төсбелгісі),
- Эстафеталық таяқшамен жүгіру,
- «Кұралайды көзге атқан» мергендер сайысы,
- «Ақылды КЕНГУРУ» математикалық эстафета,
- Қос аяқ жарысы,
- «Үңгірден өтіп көр» туннельден өту,
- Командалық сайыс (арқан тартыс).

https://www.instagram.com/p/ClwXc9JscmJ/?img_index=1

Мектебімізде "Арыңды жасыңнан сақта" тақырыбында 6 -11 класс қыз балалары гинеколог маманмен кездесу өткізді. Кездесуге: Оралбаева А.Е - Ақтөбе қалалық №6 емхананың акушер - гинекологы; Ишамудинова Ж.Т - психолог маман қатысты; Мақсат: жасөспірім қыз балалар арасында жыныстық тәрбие бере отырып, ерте жүктіліктің алдын алу мен оны болдырмау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

https://www.instagram.com/p/Coxb51OMwVe/?img_index=1

Мектебімізде 3 - класс оқушылары арасында "Толағай" эстафеталық сайысы өтті. Мақсаты: Балалардың дене бітімі дұрыс жетілуі үшін және спорттық дене шынықтырудың маңызын түсіндіру, қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сайыстың өткізілу шарттары:

- Таныстыру (команда аты, ұраны, төсбелгісі),
- Эстафеталық таяқшамен жүгіру,
- «Құралайды көзге атқан» мергендер сайысы,
- «Үңгірден өтіп көр» туннельден өту,
- Командалық сайыс (арқан тартыс).

https://www.instagram.com/p/Co3zqzIDHRM/?img_index=1

Жалпы республикалық "Шахмат челленджі" өткізілді. Челленджге 4 - 10 класс оқушылары қатысты. Мақсаты: шахмат ойындары арқылы интеллектуалды және ақыл - ой қабілеттерін дамытуға ықпал ету.

<https://www.instagram.com/p/Cq7TK8WuQDF/>

https://www.instagram.com/p/Cq7WsMdMiYI/?img_index=1

Мектебімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының маманы Ділманова Бағдагүл Әбутәліқызы және психолог маман Имамадинова Жансая Тоқтарқызы "Жеке бас гигиенасы" тақырыбында оқушылармен кездесу өткізді. Мамандар кездесу барысында: оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу, жеке бас гигиенасын сақтау, дене шынықтыру мен спортпен шұғылдану, жаман әдеттерден сақтану жолдарымен таныстырды. Жас бүлдіршіндерді мектеп табалдырығынан бастап жеке басының тазалығына үйрету жолдары жайлы мағлұматтар берді. Кездесу соңында мамандар оқушыларды қызықтырған сұрақтарға жауап берді.

https://www.instagram.com/p/Cq7sxclMSTL/?img_index=1

Мектебімізде 5-класс оқушылары арасында “Толағай” эстафеталық сайысы өтті.Мақсаты: Балалардың дене бітімі дұрыс жетілуі үшін және спорттық дене шынықтырудың маңызын түсіндіру, қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

https://www.instagram.com/p/CrV_D7dMowu/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/CrWDrUwss59/?img_index=1

Қалалық мектеп лигасында 5-6 класс арасындағы футбол жарысында мектебіміздің командасы жүлделі ІІІ орынға ие болды.

https://www.instagram.com/p/CrYTAqIMUbG/?img_index=1

“Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы” атты тәрбие онкүндігі аясында 25 сәуір күні 3 класс оқушылары арасында футболдан жарыс өтті.

https://www.instagram.com/p/CrgZEoMsI2D/?img_index=1

“Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы” атты тәрбие онкүндігі аясында 26 сәуір күні 2 класс оқушылары арасында футболдан жарыс өтті.

https://www.instagram.com/p/CrgaW8_M4DX/?img_index=1

“Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы” атты тәрбие онкүндігі аясында 3-4 класс оқушылары арасында тоғызқұмалақтан командалық жарыс өтті.

https://www.instagram.com/p/Crgs3bwsIg9/?img_index=1

“Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы” атты тәрбие онкүндігі аясында 9-10 класс оқушылары арасында баскетбол жарысы өтті.

https://www.instagram.com/p/CriMMBEsTei/?img_index=1

Назарбаев Зияткерлік мектебіне 10 жыл толуына байланысты қалалық мектеп оқушылары арасында өткізілген баскетбол жарысында мектебіміздің командасы жүлделі ІІ орынға ие болды.

https://www.instagram.com/p/Crpb2YMo2C2/?img_index=1

“Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы” атты тәрбие онкүндігі аясында 4 класс оқушылары арасында футболдан жарыс өтті.

https://www.instagram.com/p/Cr26aQaMe2p/?img_index=1

1 класс оқушылары арасында футболдан жарыс өтті.

https://www.instagram.com/p/CsYhzYks6I7/?img_index=1

Мектебімізде "Жарақат алу кезіндегі көрсетілетін алғашқы көмек" тақырыбында 6 - 8 класс оқушыларымен дәрігер мамандармен кездесу өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CstSf5hsGSW/?_coig_challenged=1&img_index=1

«Адал Ұрпақ» еріктілер клубының жылдық талдауы 2022 – 2023 жыл

2022 – 2023 оқу жылы бойынша рухани – адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасына сәйкес «Адал Ұрпақ» ерікті клубының жұмысын жалғастыру туралы №188 бұйрық негізінде «Адал Ұрпақ» ерікті клубы жұмысын жалғастырып, жұмыс жоспары жасақталып, оқушылар қабылданып жұмысын жалғастырды. Қыркүйек айында «Парасатты Азамат» бұрышы жаңартылып шығарылды. Мектепте сенім телефоны мен сенім

жәшігі де өз жұмыстарын жалғастырды.

«Парасатты Азамат»

бұрышының басты мақсаты:

Азаматтылыққа, отансүйгіштікке, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбек сүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздық пен қарауға тәрбиелеу болып табылады.

Патриотизм, Отан үшін мақтаныш, қоғамдық тәртіпке құрмет, еңбек сүйгіштік, жауапкершілік, тәртіп, құқықтық негіздерді білу және құрметтеу сияқты жеке тұлғаның қасиеттерін дәріптеу ұсынылады. Осы жас тобындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің негізгі міндеті – құқықтық сананы қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу саясаты: жастарды тәрбиелеудегі мәселелер қарастырылды.

Мектепте сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу мақсатында **«Адалдық дүкені»** өз жұмысын жүйелі түрде жалғастырды. **«Адалдық дүкені» мақсаты:** оқушы бойындағы адалдық, адамгершілік, жауапкершілік құндылықтарын арттыру. **2022 – 2023 оқу жылы бойынша «Адал Ұрпақ» еріктілер клубының атқарылған жұмыстары:** 2022 – 2023 оқу жылының 14 – қыркүйек күні мектебімізде Ақтөбе қаласы №2 қалалық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар жөніндегі учаскелік полиция капитаны мектеп инспекторы Д.Б.Ермағамбетовтың қатысуымен «Әкімшілік және қылмыстық құқықбұзушылық» тақырыбында 7 – 11 класс «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы мүшелерімен кездесу ұйымдастырылды.




2022 – 2023 оқу жылының қазан айында мектебімізде **«өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттің алдын – алу жұмыстарын жүргізу»** мақсатында **«Шырпы балаға ойыншық емес»** тақырыбында апталық өткізілді. Апталық барысында балаларға өрт қауіпсіздігі жөнінде түсіндірме жұмыстары және 17 – қазан күні білім алушылар арасында **«Өрт – тілсіз жау»** тақырыбында сурет байқауы өткізілді.



2022 – 2023 оқу жылының қазан айының 20 – ы күні мектебімізде 5 – 7 класс аралығында «сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу» мақсатында «Біз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында сурет байқауы өтті. Байқауда үздік деп танылған суреттер қалалық сайысқа жолдама алды.

Бүгін 2022 – 2023 оқу жылының қазан айының 27 – і күні мектебімізде 5 – 11 кластары арасында «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында жаппай эссе жазу іс – шарасы өткізілді. Шараға 5 – 11 кластың барлық білімалушылары қатысты. Барлық жазылған эсселер тексеріліп қорытындыланып, жақсы жазған білімалушылар дипломдармен марапатталды. 2022 – 2023 оқу жылының қараша айының 21-ші жұлдызында мектебімізде "ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ" атты әлеуметтік жоба жүргізілді. Сол жоба барысында жиналған таза киім, аяқ киімдер, оқу құралдары қажет ететін білім алушыларға табысталды.



2022 – 2023 оқу жылының Тәуелсіздік күніне орай 15 – желтоқсан күні мектебімізде «Ұлттық тәрбие. Патриотизм және ерлік» тақырыбында 8 – 10 класс «Адал Ұрпақ» еріктілері арасында ерлік сабағы өткізілді. **Кеш қонақтары:**

1. Ғабдрахманов Елемес Елекенұлы – Ауған соғысының ардагері;
2. Жарылқасынов Бауыржан Аманжанұлы – Ауған соғысының ардагері.

Білім алушылар ардагерлерге өз өнерлерін көрсетті. Ардагерлер өз кезегінде оқушыларға ақыл – кеңестерін беріп, өз тәжірибелерімен бөлісті.



2022 – 2023 оқу жылының 19 қаңтар күні мектебіміздің еріктілер тобы облыс деңгейінде өткізіліп жатырған «**КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ**» қайырымдылық акциясының аясында Нұр Ғасыр мешіті ауласын қалың қардан тазалауға атсалысты.



2022 – 2023 оқу жылының 01 ақпан күні мектебіміздің еріктілер тобы облыс деңгейінде өткізіліп жатырған «**КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ**» қайырымдылық акциясының аясында «**Адал еңбекті бағалайық**» акциясын ұйымдастырып, қала көшелерін қардан тазалап жүрген жұмысшыларды ыстық шай мен бауырсақпен сый құрмет көрсетті.



2022 – 2023 оқу жылының 14 – ақпан күні мектеп мәжіліс залында «**Адал Ұрпақ**» еріктілер клубының мүшелері 6 – 9 класс оқушылары арасында «**Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен буллингтің алдын – алу**» мақсатында Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ақтөбе облысының ғылыми – тәжірибелік орталығы, криминалдық полиция басқармасы, есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының мамандарының қатысуымен кездесу өткізілді.



- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының 15 ақпан күні мектебіміздің еріктілер тобы облыс деңгейінде өткізіліп жатырған «**КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ**» қайырымдылық акциясының аясында «**Жан жылуы**» акциясын ұйымдастырып, Үміт балалар үйіне барып, кішкентай бүлдіршіндерге сыйлықтарын сыйлап, қуанышқа бөледі.



- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының 27 ақпан күні мектебіміздің еріктілер тобы облыс деңгейінде өткізіліп жатырған «**КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ**» қайырымдылық акциясының аясында Қарттар үйіне барып «**Алғыс айту парызым!**» қайырымдылық концертін өткізді. Бір сәт болса да қариялардың жабырқау жүзін жадыратып, оларға қуаныш сыйлады. Ән –

бимен әсемделген көңілді кешті ұйымдастырған ұстаздарымыз қарттардың ыстық ықыласына бөленіп, баталарын алып қайтты.



- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының 2 – наурыз күні мектебіміздің «Адал Ұрпақ» еріктілері дүниетану, көркем еңбек пәндерінің оқу бағдарламасына сәйкес Ақтөбе облыстық өнер музейіне экскурсияға барды.



- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының 2 – наурыз күні мектебіміздің «Адал Ұрпақ» еріктілері 8 – 9 класс білім алушылары Әлия музейіне экскурсияға барды. Музейде батыр апаларының ерлігімен, тарихымен танысып келді.



- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының наурыз айының 27 мен сәуір айының 10 күндері аралығында республика аумағында «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» акциясы өткізілуде. Ақтөбе облысы Полиция Департаменті қызметкерлері 30 – наурыз күні мектебіміздің «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы мүшелерімен кездесу өткізіп түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының 12 – сәуір күні «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы жоспарына сәйкес мектебіміздің 6 – 7 класс білім алушылары Ғарышкерлер күніне орай Ақтөбе облыстық планетарийесіне экскурсия жасады. Экскурсия барысында планетарий жайлы қызықты деректермен және ғаламның ғажап құбылыстарымен танысты



- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының 19 - 20 – сәуір күндері мектеп спорт залында 9 – 10 класс «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері арасында **«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық алдын – алу, білім алушылар арасында достық қарым – қатынасты нығайту»** мақсатында баскетбол жарысы өткізілді. Жарыс айналма жүйесі арқылы өткізілді.



- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының 19 - 20 – сәуір күндері мектеп спорт залында 7 – 10 класс «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері арасында **«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық алдын – алу, білім алушылар арасында достық қарым – қатынасты нығайту»** мақсатында волейбол жарысы өткізілді. Жарыс айналма жүйесі арқылы өткізілді.



- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының 5 – мамыр күні Ақтөбе қаласы №4 орта мектебінде «7 – мамыр – Отан қорғаушылар» күніне орай «Мен елімнің патриотымын!» тақырыбында жалпы білім беретін мектептер арасында қалалық сайыс өткізілді. Сайысқа мектебіміздің «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы мүшесі 10 «Ә» ккласс оқушысы Кунтуаров Әли қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталды.



БӘЙТЕРЕК» әкелер клубының жылдық есебі **2022 – 2023 оқу жылы**

2022 – 2023 оқу жылы барысында мектебімізде «БӘЙТЕРЕК» әкелер клубы жұмыс жасады. Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, әке тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, жағымды қарым-қатынас орнату басты назарға алынып отыр. «БӘЙТЕРЕК» әкелер клубына мектеп бойынша барлық әкелер шақырылды. Әкелерге клубтың мақсаты мен міндеттері түсіндірілді. Әкелер клубының төрағасы дауыс беру арқылы жүрді. Көп дауыс жинаған Сейілхан Бағдат төраға болып сайланды.

«БӘЙТЕРЕК» әкелер клубының мақсаты:

1. Отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиесіндегі жауапкершіліктерін арттыру;
2. Әкелердің жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын – алу шараларын ұйымдастырудағы жауапкершілігін күшейту;
3. Мектеп пен ата – ана арасындағы байланысты нығайту.

«БӘЙТЕРЕК» әкелер клубымен өткізілген іс – шаралар:

- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының қыркүйек 10 – і күні «БӘЙТЕРЕК» әкелер клубының ашылу салтанатты жиыны өткізілді. Жиынға әр кластан 1 әке шақыртылып, жалпы есепте жиынға 40 әке қатысты.



- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының 14 – і қыркүйек күні мектеп мәжіліс залында «БӘЙТЕРЕК» әкелер клубы жоспарына сәйкес «Мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау. Құқықбұзушылықтың алдын – алу және болдырмау» мақсатында ұл балалар жиналысы өткізілді.



- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының 21 қазан күні мектеп инспекторы Д.Ермағамбетовпен бірлесе отырып түнгі рейд шаралары ұйымдастырылды. Түнгі рейд сағат 21:00 – 00:00 аралығында өткізілді. Кешкі рейд шараларының мақсаты: «жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын – алу және білім алушылардың түнгі уақытта ата – анасынсыз көшеде жүрмеуін қадағалау». Түнгі рейд шараларына мектеп инспекторы: Д.Ермағамбетов, директор орынбасары: Б.Батыргалиев, ата-ана: А.Елемесов қатысып, атсалысты.Түнгі рейд шаралары барысында мектеп ауданындағы магазиндер, компьютерлік клубтар тексеріліп түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының қараша айының 5 – і күні мектебімізде 3 – 4 класс білім алушылары арасында «Әкем, анам және мен» атты Толағай отбасылық сайысы өтті. Сайысқа ата – аналар өте жоғары дайындықпен келген. Сайысқа – 3 «А» класс атынан – Бірімбетовтар отбасы, 3 «Ә» класс атынан – Мусаевтар отбасы, 3 «В» класс атынан – Қазбағамбетовтер отбасы қатысты.





- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының 14 – і қараша күні мектеп спорт залында «Мектеп пен ата – ана байланысын жақсарту, салауатты өмір салтын насихаттау» мақсатында ата – аналар, оқушылар, мектеп мұғалімдері арасында волейбол жарысы өткізілді.



- ✓ 2023 жылдың 21 қаңтарында мектеп мәжіліс залында «Бәйтерек» әкелер клубының «Құқықбұзушылық және ата – ананың жауапкершілігі» тақырыбында семинары өткізілді. Семинарға мектебіміздің әкелері және Ақтөбе қаласы Астана ауданы №2 ҚПБ ЖПҚБ КІТЖ УПИ – ы полиция капитаны Муханбетказина Аймереке Нурмуханқызы қатысты.
- МАҚСАТЫ:** 1. Мектеп пен отбасының өзара байланысын, қарым – қатынасын нығайту;
2. Бала тәрбиесіндегі Әкенің рөлі ерекше екендігін түсіндіру;
3. Отбасының негізгі тірегі әке екенін түсіндіре отырып, әкеге деген құрмет пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.



- ✓ 2022 – 2023 оқу жылының 23 ақпан күні жалпы білім беретін білім беру ұйымдарының 5 – класс оқушылары мен әкелері арасында «**Менің әкем**» тақырыбында спорттық эстафеталық жарыс өткізілді. Жарысқа біздің мектебіміздің абыройын арқалап 5 «Г» класының оқушысы Сәңкібай Ерназар Талғатұлы және «Бәйтерек» әкелер клубының мүшесі Сәңкібай Талғат Ғабитұлы қатысты. Сайысқа жалпы №1, №3, №4, №17, №19, №21, №24, №27, №38, №39 мектептер қатысты.




- ✓ Қазіргі таңда орын алып отырған эпидемиологиялық жағдайға байланысты 2022 жылдың 8 желтоқсанында Облыстық ЖИТС орталығының дәрігер – эпидемиологы Артықбаева Алтынай Есеновна және педагог Матаева Меруерт Қанатовна мектебімізде оқушылармен кездесу өткізді.

Кездесуде қарастырылған сұрақтар:

1. АИТВ – жұқпасының өзекті мәселелері және оның алдын – алу;
2. Ерте жүктіліктің алдын – алу;
3. Электронды темекінің зияны.

Кездесу барысында мамандар толық мәліметтер беріп өтті. Ал білім алушылар өз кезектерінде өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, толыққанды жауаптарын алды.



2022-2023 оқу жылы бойынша «Зере» Аналар клубының жасаған жұмысының жылдық есебі

2022-2023 оқу жылының басында мектебімізде «Зере» аналар клубы өз жұмысын бастаған болатын . Аналар клубының мақсаты –отбасы құндылықтарын сақтай отырып, аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, олардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру.

Клуб міндеті-тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсете отырып, отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау .

Жыл басында осы мақсат пен міндетті басшылыққа ала отырып жылдық жоспар құрылды .

Қыркүйек айында класс жетекшілермен бірлесе отырып Аналар клубының төрайымы сайланып, құрамы бекітілді. Клубтың мүшелігіне 120 ана кірді. «Зере» Аналар клубының төрайымы болып бірауыздан Бошпанова Айгүл Абжанқызы, ал көмекшілері болып Даубаева Гүлайым, Карагулова Анар, Дарменова Нүрия сайланды. Клуб мүшелеріне клубтың мақсаты мен міндеттері, жұмыс ауқымы кеңінен таныстырылды.



Қазан айында осы 2022-2023 оқу жылында өз тұсауларын кескен «Зере» Аналар клубы мен «Қыз Жібек» қыздар клубының ашылуына орай «Сенім мен сыйластық» атты сырласу кеші өткізілді. Бұл кештің мақсаты- аналар клубы мен қыздар клубының бірлесе жұмыс жасауына мүмкіншілік жасау. Екі клуб мүшелері арасында тығыз байланыс орната отырып, алдағы уақыттарда түрлі шараларды ұйымдастыруға ұйтқы болу. Қай кезде де ана мен қызы арасында үлкен байланыс болуы керек. Анасы тарапынан көптеген ақыл-кеңестер, балаға деген сүйіспеншілік, қыз тағдырына деген алаңдаушылық басым болуы қажет. Бала түрлі кезеңдерді басынан өткереді, ал анасы әрдайым қызымен сырласып, оның пікіріне құлақ қойып, қисығын жөндеп отыруы керек. Белгілі ақын А.Бақтыгереева «Өмірде қыз болу бар да, нағыз қазақ қызы болу мүлдем бөлек» деген пікір айтқан. Бұдан түйер ой- нағыз қазақ қызын тәрбиелейтін ана-ол өзіміз, отбасы ұйтқысы, бір қолымен бесік тербеп, бір қолымен әлемді тербеп отырған Асыл аналар. Осы шара барысында «Аналар айтар ақыл көп» айдарында ұлы Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметованың даналық ойлары тыңдатылса, аналар мен қыздарға «Мені толғандырған мәселе...» тақырыбында еркін микрофон ұсынылды. Осы микрофон арқылы 4-5 ана мен қыздардың ойы тыңдалды. Сонымен бірге осы кеште «Қыз Жібек» қыздар клубының мүшелерінің ұйымдастыруымен «Бастаңғы» салт-дәстүрінен көрініс көрсетілді. Бастаңғы- шешесі бір жаққа жол жүріп кетсе қыздың құрбы-құрдастары жиналып, ойын-сауық құруы. Жиналған жастар ән салып, ұлттық ойындар ойнап, әзіл –қалжың күлкімен кешті өткізеді. Кеш соңында «Гүл сыйлаймын. Себебі ...» жүрекжарды ақ тілектер легі ретінде рефлексия жасалды.




Қараша айында «Қызым,саған айтамын..» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. Бұл шараның мақсаты –қыздар мен аналарды кездестіре отырып ,көкейлеріндегі ойландырып жүрген сан сұрақтар шешімін бірге талқылау. Дөңгелек үстелге көп балалы және өз кәсібін дөңгелетіп отырған аналар келіп, жас ұрпаққа бағыт-бағдар мен кеңестерін берді .



Қаңтар айында «Ою ойып,сырмақ сырған» жеке кәсіптерін ашып, өз жұмыстарын кең көлемде жүргізіп отырған аналармен кездесу ұйымдастырылды. Бұл кездесу шебер класс форматында өтті . Шебер класта Анесова Аңсаған,Имагамбетова Жанна, Нурмуханова Әйгерім, Бекенова Мая, Альмуханбетова Альбина сынды аналарымыз өз жұмыстарын қыздарымызға көрсете білді. Анесова А, Имагамбетова Ж, Нурмуханова Ә -кондитерлік өнім, Бекенова мая-шаштараз, Альмуханбетова Альбина тігін курстарын көрсетті . Бұл шараға мектебіміздің 8-10 класс қыз балалары қатысты. Әсіресе,қыз балаларда кондитерлікке деген қызығушылық басым болды. Анесова А «Шоколад букетін», Ә.Нұрмұханова «Молочная девочка», А.Нұрмұханова «Бонофифай» торттарын жасап көрсетсе,Альмуханова А көрпеше құрау және шәйнек астына қоятын өнімдер жасады. Тігін өнеріне 9»В» класс оқушысы Күнтуарова Толғанайдың қызығушылығы тіпті ерекше . Шеберлік сағатының соңында қыз балалар аналарға алғыс айта отырып, осындай игі істердің көп болуына жағдай жасаса деген оймен тарады .

Шаштараз Бекенова Мая жұмыс барысында



Кондитер Анесова Аңсаған қыз балалармен жұмыс үстінде



Альмуханбетова Альбина құрақ көрпе құрау сәтінде



Имагамбетова Жанна «Бонофифай» тортын дайындау үстінде



Нұрмаханова Әйгерім «Сүтті қыз» тәттісін пісіруде



Наурыз айында «Алтын қазық» салт –дәстүрді насихаттау кеші осы «Зере» аналар клубының ұйымдастыруымен өтті . Кештің мақсаты-қыз бала бойындағы ,жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, ұлттың ұлылығын ұлықтайтын әдептілік, инабаттылық, ізеттілік атты ғажайып қасиеттерді насихаттау . Шараға 9-10 класс қыз балалары қатысты . Кешке демеушілік жасап, жарыс жеңімпаздарын сыйлықтармен марапаттау «Зере» аналар клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен өтті. Кешке төрағалық ету клубының төрайымы Айгүл Абжанқызы мен клуб мүшелеріне бұйырды.

Кеш 4 кезеңнен өтті . Қазақ қызы бойындағы өнерлілік, шеберлік,білімділік – бәрі осы шарада толық қамтылды . Сайысқа қатысқан 8 оқушымыз жүлделі орынға ие болып,Бас жеңімпазымыз 9 «В» класс оқушысы Әділбаева Аяулым Қалалық сайысқа жолдама алды.



Бұл сайысқа қатысушылардың ата-аналары да белсене араласты. Ең бастысы-қатысушы сайыскерлер өз бойларындағы қызығушылықтарын оята білгені . Жұмыс барысында жинақылық пен ұқыптылыққа бейімделген сайыскерлер өз алғыстарын білдірді.

Жоспар бойынша мамыр айындағы «Бала тәрбиесіндегі жазалау мен мадақтау» кеңес беру сағаты шағын дөңгелек үстел ауқымында өтті . Оған мектеп психологтары түрлі психологиялық тренингтер ұйымдастырды. Сонымен бірге осы айда жоспардан тыс мектеп ата-аналарымен және 8-11 класс қыз балаларымен бірлескен «Жақсы мінез –жан азығы» атты кездесу кеші болып өтті. Кездесу мақсаты - мінезге түсінік беру, мінез –өмірлік азық екендігі,мінездің қалыптасуына сыртқы күш пен ішкі күштің әсері , ұрпақтың саналы ,жайдарлы мінезді болып өсуіне әсер ету.Кеш қонағы ретінде қаламызға белгілі Ақтөбе

облысының медиатор қоғамының мүшесі, көп балалы ана, №3 сотта «Соттан тыс татуластыру» орталығының медиаторы, «Шолпы» қыздар клубының төрайымы Бибігүл Әбдішүкірқызы мен «Анаға тағзым» орталығының директоры Бибігүл Маратқызы шақырылды.

Мінез-адамның бүкіл өмір бойғы іс-әрекеттері мен қылықтарына, тәрбиеленуіне байланысты қалыптасып, дамып отыратын өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктер жиынтығы. Адам өмірге пәк, таза ақ қағаздай болып келеді. Өсе келе адам бір бірінен мінез, іс-әрекеттері арқылы ерекшелене бастайды. «Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – мінез, жетекшісі – талап, сыншысы – халық» деп даналарамыз текке айтпаған. Мінез-құлық-біздің шар айнамыз. Мінезіміз арқылы ішкі жан-дүниемізді көрсете аламыз. Осы тұрғыда Бибігүл Әбдішүкірқызының айтары ерекше. Отбасын қалай құрудан бастап, қалай сақтау керектігіне шейін тарқатып айтып берді.

«Зере» аналар клубының төрайымы Бошпанова Айгүл Абжанқызы әдемі кеш үшін ризашылық сезімін білдіруде



Жоғарыда аталған жұмыстарды саралай келе 2022-2023 оқу жылында №39 қазақ орта мектебіндегі «Зере» аналар клубы жылдық жоспарға сай жұмыс жасай білді деп қорытындылаймын. Әр өткізілген шараның ата-анаға да, балаға да теңізге тамған тамшыдай болса да жақсы жағынан тәрбиелік мәні болғанын баса айтқым келеді.

2022 – 2023 оқу жылы бойынша «құқықбұзушылықтың алдын – алу» мақсатында атқарылған жұмыстардың жылдық талдауы

2022 – 2023 оқу жылы барысында «құқықбұзушылықтың алдын – алу» мақсатында жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілді. Оқу жылының басында «құқықбұзушылықтың алдын – алу жұмысының жоспары» құрылып бекітілді. Оқу жылының басында жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықты болдырмау және алдын – алу шараларын ұйымдастыру мақсатында «Құқықбұзушылықтың алдын – алу кеңесі» құрылды. Сонымен қатар «Тәртіп сақшылары» тобы да құрылып жасақталды. Әр ай сайын «Алдын – алу кеңесінің» отырысы өткізіліп отырды. Келеңсіз жағдайларға байланысты алдын – алу кеңесінің кезектен тыс отырысы да өткізілді. Әр өткізілген отырыс хаттамаланып отырды. Оқу жылы барысында жоспарға сай жұмыстар атқарылды.

Құқықбұзушылықтың алдын – алу және болдырмау мақсатында атқарылған жұмыстар:

- 2022 – 2023 жаңа оқу жылының 1 – қыркүйек – Білім күні қарсаңында мектебіміздің жоғарғы класс білім алушыларына Ақтөбе қаласы ПБ Астана аудандық №1 ҚПБ тергеу бөлімшесінің аға тергеушісі, полиция капитаны Тлеген Нұрболат Серикғалиұлы және мектеп инспекторы полиция капитаны Ермағамбетов Дауренбек Барлықұлы «жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын - алу және болдырмау» мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



- 2022 – 2023 оқу жылының 14 – қыркүйек күні мектебімізде Ақтөбе қаласы №2 қалалық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар жөніндегі учаскелік полиция капитаны мектеп инспекторы Д.Б.Ермағамбетовтың қатысуымен «Әкімшілік және қылмыстық құқықбұзушылық» тақырыбында 7 – 11 класс ер балаларымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында мектеп инспекторы және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары тарапынан мектептің ішкі тәртібі, жасөспірімдерге қатысты құқықбұзушылық заңдары, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, бопсалау, күш көрсету және кешкі мезгілдегі көшеде жүрмеу жөнінде білім алушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



- 2022 – 2023 оқу жылының 07 – қазан күні Ақтөбе қаласы №2 қалалық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар жөніндегі учаскелік полиция капитаны мектеп инспекторы Д.Б.Ермағамбетовтің қатысуымен 5 – 6 класс білім алушылары арасында «құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын – алу және болдырмау» мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында мектептің ішкі тәртібі, мектеп формасы, смартфонды сабақ барысында ұстамау жөнінде, мектепке тыйым салынған заттарды әкелмеу жөнінде, жолда жүру ережесі т.б. бойынша мәліметтер берілді.



- 2022 – 2023 оқу жылының 17 – қазан күні мектебімізде полиция капитаны мектеп инспекторы Д.Б.Ермағамбетов 9 – 11 класс білім алушылары арасында жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын – алу, мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау, түнгі уақытта көшеде жүрмеу, ұрлық тақырыбында, электронды темекінің зияны жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Түсіндірме жұмыстары барысында әкімшілік құқықбұзушылық орын алған кезде қолданылатын шараларды да ескертіп айтып өтті. Білім алушылар болса өз тараптарынан түсінбеген сұрақтарын қойып, толық жауаптарын ала білді.



- 2022 – 2023 оқу жылының қазан айында мектебімізде «өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттің алдын – алу жұмыстарын жүргізу» мақсатында «Шырпы балаға ойыншық емес» тақырыбында апталық өткізілді. Апталық барысында балаларға өрт қауіпсіздігі жөнінде түсіндірме жұмыстары және 17 – қазан күні білім алушылар арасында «Өрт – тілсіз жау» тақырыбында сурет байқауы өткізілді.



- 2022 – 2023 оқу жылының 18 – қазан күні мектебімізде мектеп әкімшілігі және полиция капитаны мектеп инспекторы Д.Б.Ермағамбетовпен бірлесе отырып мектеп білім алушыларына «өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттің алдын – алу жұмыстарын жүргізу» мақсатында өткізілген «Шырпы балаға ойыншық емес» тақырыбында апталық аясында «Өрт – тілсіз жау» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Түсіндірме жұмыстары барысында өрттің шығу жолдары, одан қорғану амалдары, сөндіру жолдары, түтіннен уланудың салдары және түтіннен қорғану амалдары жөнінде айтылып өтті.



- 2022 – 2023 оқу жылының 21 қазан күні 7 – 11 класс білім алушыларымен «Дін – тәрбиенің рухани тірегі» Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының теолог маманы Жұлдыз Кадирханова және психолог маман Тимур Төлепбергеновпен кездесу өткізілді. Кездесу барысында мамандармен дайындалып әкелінген бейне роликтер мен жағдаяттық сұрақтар көрсетіліп, жауаптар алынды. Дін мәселелері жөнінде көптеген пайдалы ақпараттар берілді.



- 2022 – 2023 оқу жылының 21 қазан күні мектеп инспекторы Д.Ермағамбетовпен бірлесе отырып түнгі рейд шаралары ұйымдастырылды. Түнгі рейд сағат 21:00 – 00:00 аралығында өткізілді. Кешкі рейд шараларының мақсаты: «жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын – алу және білім алушылардың түнгі уақытта ата – анасынсыз көшеде жүрмеуін қадағалау». Түнгі рейд шараларына мектеп инспекторы: Д.Ермағамбетов, директор орынбасары: Б.Батыргалиев, ата-ана: А.Елемесова қатысып, атсалысты.Түнгі рейд шаралары барысында мектеп ауданындағы магазиндер, компьютерлік клубтар тексеріліп түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



- 2022 – 2023 оқу жылының 9 қараша күні мектеп инспекторы, полиция капитаны Ермағамбетов Дауренбек Барлықұлы мектебіміздің 6 – 9 класс білім алушылары арасында «Жолда жүру ережесін сақтайық!» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Түсіндірме жұмысы барысында жолдан өту кезіндегі қауіпсіздікті сақтау шараларын, бағдаршамның қызметін, жаяу жүргіншілер жолағынан өту кезінде автокөліктердің толық тоқтағанына көз жеткізіп барып өту қажеттігін, жолдан өту барысында ұялы телефон қарамауды және құлаққап арқылы әуен тыңдауға болмайтыны қатаң ескертілді.




- 2022 – 2023 оқу жылының 19 қараша күні «Құқықбұзушылықтың алдын – алу басты міндет» 10 күндік аясында мектепшілік «Жол тәртібін білейік, аман – есен жүрейік!» тақырыбында 5 – кластар арасында командалық сайыс өткізілді. Командалық сайыс 4 кезеңнен тұрды:
 1. «Таныстыру»
 2. «Сұрақ - жауап»
 3. «Презентация қорғау»
 4. «Көрініс көрсету»



- 2022 – 2023 оқу жылының 14 қараша күні «құқықбұзушылықтың алдын – алу және болдырмау» мақсатында мектеп инспекторы, полиция капитаны Ермағамбетов Дауренбек Барлықұлы мектебіміздің 8 – 10 класс білім алушылары арасында түсіндірме

жұмыстарын жүргізді. Түсіндірме жұмыстары барысында кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер түнгі уақытты заңды өкілінің болмауынсыз көшеде жүруге болмайтындығы жөнінде, кешкі 22:00 ден кейін ойын – сауық орталықтарында болуға болмайтындығы жөнінде қатаң ескертілді.



- 2022 – 2023 оқу жылының 18 – қараша күні мектебімізде қаланың жалпы білім беру мектеп оқушылары арасында **«ЖАСӨСПІРІМ, ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ, ЖАУАПКЕРШІЛІК»** тақырыбында пікірсайыс турнирі өткізілді. Турнирге «№1 жалпы орта білім беру мектебі» КММ, Эл – Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназия, «А.Байтұрсынұлы ЛМГ» КММ, «№39қазақ орта жалпы білім беру мектебі» КММ командалары қатысты.




- Тәуелсіздік күніне орай «Ұлттық тәрбие. Патриотизм және ерлік» тақырыбында 8 – 10 класс оқушылары арасында ерлік сабағы өткізілді.

Кеш қонақтары:

3. Ғабдрахманов Елемес Елекенұлы – Ауған соғысының ардагері;
4. Жарылқасынов Бауыржан Аманжанұлы – Ауған соғысының ардагері.


Білім алушылар ардагерлерге өз өнерлерін көрсетті. Ардагерлер өз кезегінде оқушыларға ақыл – кеңестерін беріп, өз тәжірибелерімен бөлісті.



- Қазіргі таңда орын алып отырған эпидемиологиялық жағдайға байланысты 2022 жылдың 8 – желтоқсанында Облыстық ЖИТС орталығының дәрігер – эпидемиологы Артықбаева Алтынай Есеновна және педагог Матаева Меруерт Қанатовна мектебімізде оқушылармен кездесу өткізді.

Кездесуде қарастырылған сұрақтар:

4. АИТВ – жұқпасының өзекті мәселелері және оның алдын – алу;
5. Ерте жүктіліктің алдын – алу;
6. Электронды темекінің зияны.



- 2022 – 2023 оқу жылының 9 – желтоқсан күні «**құқықбұзушылықтың алдын – алу және болдырмау**» мақсатында мектебімізде дәрігер мамандармен кездесу өткізілді. Дәрігер мамандар: 1. Салауатты өмір салтын сақтау маманы: Бағдагүл Әбүтәліқызы;
- 2. Энергетикалық сусындар туралы мәлімет, дәрігер: Фариза Мырзабаевна;
- 3. Салауатты өмір салтын сақтауды қалыптастыру дәрігері: Руслан


Узбекұлы.




- 2022 – 2023 оқу жылының 5 – қаңтар күні класс жетекшілерге **«Құқықбұзушылық және жауапкершілік»** тақырыбында семинар отырысы өткізілді. Семинардың I бөлімінде баяндама оқылды. II бөлімінде топпен жұмыс: класс жетекшілер 2 топқа бөлініп жұмыс жасады.



- 2022 – 2023 оқу жылының 6 ақпан күні мектеп оқушылары Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығы облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің **«2023 жылға арналған интерактивті сабақтар өткізу жоспарына»** сәйкес, **«Қысқы уақыттағы судағы қауіпсіздік», «Салқын тию мен үсіп қалу кезіндегі алғашқы медициналық көмек», «Қысқы кезеңдегі төтенше жағдайлан кезіндегі іс – қимыл ережелері»** тақырыптары бойынша ZOOM платформасы арқылы онлайн сабаққа қатысты.




- 2022 – 2023 оқу жылының 14 – ақпан күні мектеп мәжіліс залында 6 – 9 класс оқушылары арасында **«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен буллингтің алдын – алу»** мақсатында Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ақтөбе облысының ғылыми – тәжірибелік орталығы, криминалдық полиция басқармасы, есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының мамандарының қатысуымен кездесу өткізілді.



- 2022 – 2023 оқу жылының 2 – наурыз күні мектебімізде **«Жолда жүру ережесін сақтайық»** тақырыбында жол патрульдік полициясының қызметкерлерімен кездесу өткізілді. Кездесуге 1 – 6 класс білім алушылары қатыстырылды. Кездесуге жол патрульдік полиция инспекторы полиция лейтенанты Тұржанов Бауыржан Жеңісжанұлы және полиция лейтенанты Жайлыбаев Әділхан Қазбекұлы қатысты.



- Мектебімізде наурыз айының 27 – і күні Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығы облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің «2023 жылға арналған интерактивті сабақтар өткізу жоспарына» сәйкес «Эвакуациялау іс – шараларын ұйымдастыру мен жүргізу», «ҚР ІІМ ТЖК КТИ оқу орнына түсу» мүмкіндіктері мен ерекшеліктері, «Су тасқыны кезіндегі халықтың іс - әрекеті», «Жоғарғы қабатты ғимараттардағы қауіпсіздік», «Қазақстан Республикасындағы Азаматтық қорғаныс» тақырыптары бойынша ZOOM платформасы арқылы интерактивті сабағы өткізілді.



- 2022 – 2023 оқу жылының наурыз айының 27 мен сәуір айының 10 күндері аралығында республика аумағында «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» акциясы өткізілуде. Ақтөбе облысы Полиция Департаменті қызметкерлері наурыз айының 30 – ы күні мектебіміздің оқушылары мен кездесу өткізіп түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



- 2022 – 2023 оқу жылының 31 наурыз күні мектеп жоспарына сәйкес Ақтөбе қаласы Астана ауданы №2 ҚПБ КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты мектеп инспекторы Айсүгіров Асхат Маралбекұлы 9 – 11 класс оқушылары арасында «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен буллингтің алдын – алу және болдырмау» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



- 2022 – 2023 оқу жылының 13 сәуір күні мектеп жоспарына сәйкес Ақтөбе қаласы Астана ауданы №2 ҚПБ КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты мектеп инспекторы Айсүгіров Асхат Маралбекұлы 5 – 6 класс оқушылары арасында **«Терезеден төнер қауіп..., Сақтықта қорлық жоқ!»** тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.




- 2022 – 2023 оқу жылының 19 - 20 – сәуір күндері мектеп спорт залында 9 – 10 класс «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері арасында **«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық алдын – алу, білім алушылар арасында достық қарым – қатынасты нығайту»** мақсатында баскетбол жарысы өткізілді. Жарыс айналма жүйесі арқылы өткізілді.



- 2022 – 2023 оқу жылының 19 - 20 – сәуір күндері мектеп спорт залында 7 – 10 класс «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері арасында **«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық алдын – алу, білім алушылар арасында достық қарым – қатынасты нығайту»** мақсатында волейбол жарысы өткізілді. Жарыс айналма жүйесі арқылы өткізілді.



- 2022 – 2023 оқу жылының 20 сәуір күні мектебіміздің оқушылары ҚР ішкі істер министрлігі М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе Заң Институтына саяхатқа барып, институт өмірімен танысып келді. Оқушылар ол жерде институттың атауы берілген Кеңес одағының батыры М.Бөкенбаевтың өмірі мен тарихына шолу жасалынып, жастардың патриоттық рухын көтеретін, тәрбиелік жұмыстар жүргізілді.



- 2022 – 2023 оқу жылының 23 – мамыр күні мектебіміздің 6 – 9 класс оқушылары **«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын - алу»** мақсатында Облыстық полиция департаментіне департамент мұражайына экскурсия жасады. Экскурсия мақсаты: **«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын - алу»**



- 2022 – 2023 оқу жылының 30 – мамыр күні мектебіміздің 6 – 8 класс оқушылары арасында **«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын - алу»** мақсатында **«Жарақат алу кезіндегі алғашқы көмек»** тақырыбында дәрігер мамандармен кездесу өткізілді. Кездесуге: 1. Даулетова Г.И – психолог
Рыскалиев Д.Б – фельдшер
Ділманова Б.Ә – СӨСҚ мамандары қатысты.



2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында тәрбие тұжырымдамасының басым бағыттары бойынша іс-шаралар жеткілікті деңгейде жүргізілді. Берілген мақсат бірқатар міндеттердің шешілуін қажет етеді:

1. Қоғамның әртүрлі салаларында белсенді көрініс арқылы азаматтық сана-сезімді тәрбиелеу; балалар бастамаларына қолдау көрсету арқылы көшбасшылықты қолдау; азаматтық белсенділікті және кіші Отан тағдыры үшін жауапты сезімді күшейту.
2. Қамтамасыз ету жолдары: ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, тілді, және музыканы, әдебиетті сақтау және тарату; қоғамдық сананы жаңғыртуға және өз қызметінде соған бағыттауға негізделген әлеуметтік -гуманитарлық құндылықтарды меңгеру және түсіну.
3. Оқушы бойында өзінің денсаулығын сақтауға және адамгершілік дамуына деген саналы көзқарас қалыптастыруына жағдай жасау.
4. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыруға таңдау жасауға мүмкіндік туғызу.
5. Рухани -адамгершілік құндылықтарға негізделген жобалардың жүргізілуін қадағалау;

2023-2024 оқу жылына ұсыныстар:

2022-2023 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасының орындалуы туралы есепті қорытындылай келе төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделді:

- Класс жетекшілердің тәрбие жұмыстарына байланысты іс-тәжірибе тарату жұмыстарына көңіл бөліп, біліктілігін арттыру мақсатында курстардан өтуіне ықпал жасау;
- Қазіргі заманауи танымал идеяларды, әлемдік экономикалық және әлеуметтік ой-өрістердегі үрдістерді зерттеуге жастардың қатысуын қарастыру.
- Оқушылардың бос уақыттарын мазмұнды өткізу, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында кластан тыс жұмыстардың сапалылығына көңіл бөлу;
- Мектепшілік клубтарының, ұйымының жұмыстарын одан әрі жандандыру;
- Отбасы тәрбиесі бағытында мектеп пен ата-аналар қауымдастығының ынтымақтастығын жалғастыра отырып, бірлескен жұмыстар мазмұнын жаңарту. Аналар, әкелер кеңестерін құру, ата-аналарға, оқушыларға ұлттық тәрбие беру.
- Оқушылардың бос уақыттарын көбірек қамту үшін ата-аналар жиналыстарына үйірме, секция, мектептен тыс ұйымдардың жетекшілерін шақырып, үгіт жұмыстарын жүргізу;
- Сынып жетекшілердің тәрбие қызметін жетілдіру үшін жұмыстың инновациялық формалары бойынша практикалық семинарлар өткізу;
- Оқушылар арасында рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайту жұмыстарын жандандыру;
- Рухани жаңғыру жобасы аясында іс шараларды жүзеге асыру;
- Кәсіптік бағдар беру барысында жүргізілетін жұмыстарды одан әрі жандандыру;
- Келер оқу жылында «Жас Ұлан» ұйымы оқушыларының белсенділігін одан әрі арттыруға және де түрлі қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқаулар мен шараларға белсенділікпен қатысуға, мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру
- 2023– 2024 оқу жылында мектеп оқушыларымен құқықбұзушылықтың алдын – алу жұмыстары мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру іс – шаралары қалалық деңгейде ұйымдастырылып жүргізілсін.
- Рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген жобалардың жүргізілуін жандандыру ;

Мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Таяуова Салтанат Жубаткановна